Атауы «Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігі» акционерлік қоғамы

Мекенжайы ҚР, 111500, Рудный қ., Ленин даңғ., 26

Телефон 8(71431) 31652

Электрондық пошта мекенжайы main.ssgro@erg.kz

Орындаушы Веклич Наталия Александровна
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Басшы Кузьменко Сергей Валентинович
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Бас бухгалтер Ференко Людмила Алексеевна
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мерзімі 2026 жыл



1 Компания және оның негізгі қызметі

«Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ССКӨБ» АҚ немесе «Компания») 1992 жылғы 24 ақпанда тіркелген және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. «ССКӨБ» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылды.

ERG Iron Ore Holding B.V. «ССКӨБ» АҚ тікелей бас компаниясы болып табылады. Соңғы бақылауға ие тарап - Eurasian Resources Group S.à r.l. (бұдан әрі «ERG»; ERG еншілес компаниялармен бірлесіп – бұдан әрі «ERG Тобы») болып табылады.

«ССКӨБ» АҚ қызметінің негізгі түрлері темір кенін, доломитті өндіру және қайта өңдеу және қождамаланған темір кені шекемтастарын, темір кені концентратын, тауарлық доломит пен қиыршықтасты өндіру болып табылады. Компания шикізат өндіруден бастап дайын өнім шығаруға дейінгі өндірістік циклі бар Қазақстан Республикасының ірі кәсіпорындарының бірі болып табылады.

Компания жекелеген қызмет түрлері бойынша табиғи монополия субъектілеріне жатады:

- Рудный қ. жылу энергиясын өндіру бойынша қызметтер;
- Рудный қ. электр энергиясын беру бойынша қызметтер;
- Рудный қ. бәсекелестік кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды ұсыну бойынша қызметтер.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар. «ССКӨБ» АҚ Қазақстан Республикасының Үкіметімен жер қойнауын пайдалануға арналған бірқатар келісімшарттар мен лицензиялар жасасты, олардың шарттары төменде келтірілген:

Жер қойнауын пайдалануға келісімшарт/лицензия*	Орналасқан орны	Шарт жасасқан жыл	Аяқталу жылы
Темір кенін өндіру	Қостанай облысы	2020, 2023	2033, 2035, 2040
Доломит өндіру	Ақмола облысы	1997	2040
Темір кенін барлау	Қостанай облысы	2020, 2023, 2025	2025, 2028, 2029

* Өрбір келісімшартта жаңарту туралы тармақ болады..

Заңды мекенжайы: 111500, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Рудный қаласы, Ленин көшесі, 26-үй .

Есептік жылда Компания «Фортис» ЖШС және «Энерго-2007» ЖШС бойынша тарату рәсімдерін толық аяқтады.

2 Арнайы мақсаттағы жеке қаржылық ақпаратты дайындау негізі

Компанияның 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған осы арнайы мақсаттағы жеке қаржылық ақпараты Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 5 мамырдағы № 289 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, «Жариялылық мүддесіндегі ұйымдардың (қаржы ұйымдарын қоспағанда) жариялауына арналған жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығына сәйкес дайындалды. Бұл арнайы мақсаттағы жеке қаржылық ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тек қана оны қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің қаржылық есептілік депозитарийіне ұсыну мақсатында дайындалған.

Арнайы мақсаттағы жеке қаржылық ақпаратты дайындау кезінде Компания Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес 2026 жылдың 23 шілдесінде дайындалған, Компанияның 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған жеке қаржылық есептілігінде сипатталған есеп саясатының қағидаттарын қолданды.

2 Арнайы мақсаттағы жеке қаржылық ақпаратты дайындау негізі (жалғасы)

Бұдан бөлек, Компания өзіне және өзінің еншілес компанияларына (бұдан әрі – «Топ») қатысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 5 мамырдағы № 289 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, «Жариялылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығына сәйкес арнайы мақсаттағы шоғырландырылған қаржылық ақпаратты дайындады. Арнайы мақсаттағы шоғырландырылған қаржылық ақпаратта Топ тікелей немесе жанама түрде дауыс беретін акцияларының жартысынан астамына иелік ететін немесе Компания олардың қаржылық және операциялық саясатын өзге де тәсілмен бақылауға қабілетті компаниялар ретінде айқындалған еншілес компаниялардың операциялары толық шоғырландырылған.

Қызметтің үздіксіздік қағидаты. ERG Менеджерлер Кеңесі 2027 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңдегі қолжетімді өтімділікті қарастырды. Қарастырылып отырған кезең ішінде ERG тобы мақсатты ақшалай позицияны ұстап тұру үшін жеткілікті ақша ағынын қалыптастыруды болжайды.

ERG тобы операциялық қызметті қолдап отыру және несиелік келісімшарттардың ковенанттарын сақтау немесе тиісті вейверлерді алу үшін өтімділіктің жеткілікті қорын қамтамасыз ету мақсатында өзінің қаржылық жағдайын тұрақты түрде қадағалап отырады. ERG тобы және Компания 2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданылатын ковенанттарды сақтады.

ERG тобы 2026 жылдың 31 желтоқсанындағы және 2027 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша қолданыстағы ковенанттарды сақтау үшін әртүрлі ықтимал шешімдермен жұмыс істеуде. Бұл жұмыс жалғасуда, сондықтан осы жеке қаржылық ақпарат шығарылған сәтте оның нәтижесіне қатысты белгісіздік сақталуда. Егер тиісті күндерге дейін қолайлы шешім табылмаса, қолданыстағы ковенанттардың сақталмауы тиісті кредиторларға несиелік келісімдер бойынша өтелмеген берешектің іс жүзінде барлық сомасын мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығын беруі мүмкін.

ERG тобы бизнеске қолдау көрсетуді жалғастырып келе жатқан өздерінің негізгі кредиторларымен тұрақты әрі сындарлы өзара әрекеттесуді қолдайды. Егер 2026 жылдың 31 желтоқсанынғы және/немесе 2027 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша белгілі бір жекелеген ковенанттарға түзетулер енгізу немесе вейверлер алу қажет болса, кредиторлар ынтымақтастық жасауға және қажетті қолдау көрсетуге дайын екендіктерін білдірді, әрі мұндай қолдау бұрын да көрсетілген. ERG тобы мен Компания бұрынғы тәжірибесіне сүйене отырып, қажетті вейверлер алынатынын негізді түрде күтеді. Қазіргі уақытта ERG тобы 2026 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кейбір ковенанттар бойынша қажетті вейверлерді қамтамасыз ету мақсатында кредиторлармен белсенді келіссөздер жүргізуде.

ERG менеджерлері мен Компания басшылығы осы арнайы мақсаттағы жеке қаржылық ақпаратты қызметтің үздіксіздігі қағидаты негізінде дайындау туралы қорытындыға келе отырып, ERG тобының және Компанияның тиісті күндердегі тиісті ковенанттарды сақтау қабілетіне қатысты елеулі тәуекелдер мен белгісіздіктердің бар екенін атап өтеді. Бұл елеулі тәуекелдер мен белгісіздіктер ERG тобы мен Компанияның жақын болашақта өз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән тудыруы мүмкін, сондықтан ERG тобы мен Компания қалыпты қызмет барысында өз активтерін өткізуді және өз міндеттемелерін өтеуді жүзеге асыра алмауы мүмкін.

ERG тобы өтімділіктің өзінің негізгі нарықтарындағы шикізат тауарларының бағасына тәуелді екенін, валюта бағамының құбылмалылығына ұшырайтынын және қажет болған жағдайда қосымша қаржыландыру тарту қабілетін жақсы түсінеді. Келісімшарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті жеткілікті өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында ERG тобы операциялық тиімділікті арттыруға, айналым қаражатын жақсартуға, сондай-ақ күрделі шығындар бюджетін басқаруға тұрақты назар аударуды жалғастыруда. Болжамды кезең ішінде жеткілікті өтімділікті қолдау үшін, қажет болған жағдайда, басқарушылық шаралар арқылы белгілі бір жақсартуларға қол жеткізілуі мүмкін, оларды іске асыруды басшылық өте ықтимал деп бағалайды. Бұл шаралар ERG тобының бақылауында деп саналатын операциялық шығындарды қысқартуға және күрделі шығындарды қысқарту жөніндегі бастамаларды іске асыруға жалпы сомасы шамамен 470 миллион АҚШ долларына дейінгі үнемдеуді қамтиды.

ERG менеджерлері ERG тобының жақын болашақта операциялық қызметті жалғастыру үшін жеткілікті ресурстарға қол жеткізе алады деп есептейді, және осыған байланысты Компания басшылығы Компанияның өз қызметін ағымдағы күйінде жақын болашақта жалғастыру үшін жеткілікті ресурстарға қол жеткізе алады деп санайды, сондай-ақ осы арнайы мақсаттағы жеке қаржылық ақпаратты қызметтің үздіксіздігі қағидатына сәйкес дайындау орынды деп есептейді.

2 Арнайы мақсаттағы жеке қаржылық ақпаратты дайындау негізі (жалғасы)

Жаңа стандарттар. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулерді қабылдау Компанияға елеулі әсер еткен жоқ. Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттардың, түсіндірмелердің немесе түзетулердің ешқайсысын қолданған жоқ. Компания жаңа стандарттардың, соның ішінде 18-ХҚЕС (IFRS) «Қаржылық есептіліктегі ақпаратты ұсыну және ашу» стандартының (2027 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттарға түзетулер мен түсіндірмелердің елеулі әсерін бағалауда.

Функционалдық валютасы және арнайы мақсаттағы жеке қаржылық ақпараттың ұсыну валютасы. Егер өзгеше көрсетілмесе, осы арнайы мақсаттағы жеке қаржылық ақпаратта ұсынылған барлық цифрлық деректер мың қазақстандық теңгемен көрсетілген. Компанияның функционалдық валютасы теңге болып табылады.

Қазақстан Республикасының Салық кодексі (№ 214-VIII ҚРЗ). 2025 жылғы 18 шілдеде Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі қабылданды, ол 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Жаңа Салық кодексі заңды тұлғаларға салық салу тәртібіне өзгерістер енгізуді, соның ішінде салық мөлшерлемесін, салық базасын, сондай-ақ жекелеген салық жеңілдіктері мен шегерімдерді өзгертуді қарастырады. Бұл Компанияға елеулі әсер етпейді..

Шетел валютасындағы операциялар. Есептік күндегі жағдай бойынша шетел валютасында көрсетілген Компанияның ақшалай активтері мен міндеттемелері осы күнге Қазақстан қор биржасының (бұдан әрі – «ҚҚБ») ресми айырбастау бағамы бойынша теңгемен қайта есептелді. Шетел валютасындағы операциялар бастапқы танылған кезде операция жасалған күнге ҚҚБ айырбас бағамы бойынша ескеріледі. Кейіннен Компанияның шетел валютасында көрсетілген активтері мен міндеттемелерін қайта есептеу ҚҚБ бағамы бойынша айдың соңына ай сайынғы негізде жүзеге асырылады. Осы операциялар бойынша есеп айырысу күнінде, сондай-ақ шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу нәтижесінде туындайтын пайда немесе залал пайда немесе залал туралы есепте көрсетіледі.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АҚШ долларындағы қалдықтарды қайта есептеу үшін пайдаланылған ресми айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 505.53 теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 1 АҚШ доллары үшін 525.11 теңге). Теңгені басқа валюталарға айырбастауға қатысты валюталық бақылау ережелері қолданылады. Қазіргі уақытта теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде еркін айырбасталатын валюта болып табылмайды.

Ұсыну мен есеп саясатындағы өзгерістер. 2025 жылы Компания арнайы мақсаттағы жеке қаржылық ақпаратта негізгі құралдарды ұсыну бөлігіндегі есеп саясатын қайта қарады. Осы қайта қарау шеңберінде Компания тау-кен активтерін «Ғимараттар мен құрылыстар» санатынан негізгі құралдардың жеке санатына бөліп көрсете отырып, негізгі құралдардың жіктелімін өзгертті. «Басқалар» тобы «Машиналар, жабдықтар және басқалар» тобымен біріктірілді.

12-ескертпедегі өткен кезеңдердегі негізгі құралдардың баланстық құны мен қозғалысы тиісті түрде түзетілді.

Төмендегі кестеде жіктелімдегі өзгерістердің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсеткіштердің ұсынылуына тигізген ықпалы келтірілген:

Мың қазақстандық теңгеде	Бастапқыда ұсынылған баланстық құны	Қайта жіктеу	Қайта жіктеуден кейінгі баланстық құны
Ғимараттар мен құрылыстар	69,940,735	(8,997,503)	60,943,232
Машиналар, жабдықтар және басқалар	65,789,991	406,391	66,196,382
Тау-кен активтері	-	8,997,503	8,997,503
Басқа	406,391	(406,391)	-

2 Арнайы мақсаттағы жеке қаржылық ақпаратты дайындау негізі (жалғасы)

Төмендегі кестеде жіктелімнің өзгеруінің 2024 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштердің ұсынылуына әсері келтірілген:

<i>Мың қазақстандық теңгеде</i>	Бастапқыда ұсынылған баланстық құны	Қайта жіктеу	Қайта жіктеуден кейінгі баланстық құны
Ғимараттар мен құрылыстар	57,484,287	(8,411,716)	49,072,571
Машиналар, жабдықтар және басқалар	71,792,516	501,891	72,294,407
Тау-кен активтері	-	8,411,716	8,411,716
Басқа	501,891	(501,891)	-

3 Маңызды бухгалтерлік бағалау және есеп саясатын қолданудағы кәсіби пікірлер

Компания келесі қаржы кезеңі ішінде арнайы мақсаттағы жеке қаржылық ақпаратта көрсетілген активтер мен міндеттемелерге әсер ететін бағалаулар мен пайымдауларды пайдаланады. Бағалаулар мен пайымдаулар үнемі сыни талдауларға ұшырайды және өткен көшбасшылық тәжірибеге және басқа факторларға, соның ішінде қалыптасқан жағдайларда негізделген деп есептелетін болашақ оқиғаларға қатысты күтулерге негізделген. Басшылық есеп саясатын қолдану барысында бағалауды қажет етпейтін кейбір пікірлерді қолданады. Арнайы мақсаттағы жеке қаржылық ақпаратта көрсетілген сомаларға неғұрлым елеулі әсер ететін пайымдаулар және келесі қаржы кезеңі ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын елеулі түзету қажеттілігіне әкелуі мүмкін бағалаулар мыналарды қамтиды:

Жер қойнауын пайдалану келісімшарттары. Компанияның темір кенін, доломитті және әктасты өндіруге арналған жер қойнауын пайдалануға арналған негізгі келісімшарттары 2040 жылы аяқталады. Компания басшылығы келісімшарттар номиналды құны бойынша 2058 жылы күтілетін кен орындарының пайдалы қызмет мерзімі аяқталғанға дейін ұзартылады деп күтеді. Арнайы мақсаттағы осы жеке қаржылық ақпаратта негізгі құралдардың тозуы бойынша шығындар мен баланстық құны және активтерді жою бойынша міндеттеме жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар кен орындарының пайдалы қызмет мерзімі аяқталғанға дейін ұзартылатын болады деген болжам негізінде көрсетілді. Компания жер қойнауын пайдалану жөніндегі қолданыстағы заңнамаға және келісімшарттардың талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды ұзартуға құқылы деп санайды.

Тау-кен активтері мен минералдық қорлардың пайдалы қызмет мерзімін бағалау. Негізгі құралдар құрамында жіктелген тау-кен активтері дәлелденген және ықтимал минералдық қорларға сүйене отырып, өндірістік әдісті пайдалана отырып, карьердің пайдалы қызметінің тиісті мерзімі ішінде амортизацияланады.

Кен қорларын бағалау кезеңнен кезеңге өзгеруі мүмкін. Бұл Компанияның қаржылық нәтижелеріне әсер етуі мүмкін. Қорлардағы мұндай өзгерістер тозуды есептеуге, активтердің баланстық құнына және активтерді жою бойынша міндеттемелер бойынша резервтердің шамасына әсер етуі мүмкін.

Компанияның кен қорларын бағалау технологиялық және экономикалық тұрғыдан негізделген және тиісті тау-кен активінен заңды түрде бекітілген құқықтар негізінде алынатын өнімді ең жақсы бағалауға негізделген. Бағалау кеннің мөлшері мен сұрыпын, өндірістік технологиялар мен алу нормаларын, болжамды тауарлық бағалар мен өндірістік шығындарды қоса алғанда, бірқатар факторларды ескере отырып қалыптастырылған.

Минералдық шикізат қорларын бағалау пайдалы қазбалардың қорларын есептеу және жіктеу әдістемелері, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары бекіткен мемлекеттік есепке қосу қағидалары негізінде жүзеге асырылады. Қорларды бағалау бірқатар негізделген алғышарттарға негізделген:

- Дәлелденген және ықтимал қорларды бағалау, сондай-ақ өндірістік қуаттарды дамыту және кеңейту жоспарлары негізінде қалыптастырылған өндірудің болжамды көлемі;
- Компанияның ағымдағы нарықтық бағасын, форвардтық баға белгілеулерін және ішкі ұзақ мерзімді баға болжамдарын ескере отырып айқындалған тауарлық өнімге күтілетін бағалар;
- Өндіруге арналған болжамды операциялық шығындар, күрделі салымдар, сондай-ақ болашақ қалпына келтіру міндеттемелері.

3 Маңызды бухгалтерлік бағалау және есеп саясатын қолданудағы кәсіби пікірлер (жалғасы)

Резервы под обязательства по ликвидации и восстановлению горнорудных активов. Табиғатты қорғау заңнамасына және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға сәйкес Компания өзінің операциялық қызметі нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген залалды жою және өзінің тау-кен активтері мен қалдықтарды орналастыру полигондарын жою және жұмыстар аяқталғаннан кейін жерді қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемесі бар. Қорлар бұрынғы операциялық қызметтің салдарынан міндеттеменің туындауына қарай жою және рекультивациялау жөніндегі шығындардың дисконтталған құны негізінде қалыптастырылады. Тау-кен активтерін жою және қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелерге арналған қорлар Компанияның Қазақстан Республикасының қолданыстағы табиғат қорғау заңнамасын және Компанияның келісімшарттық аумақта жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі байланысты бағдарламасын түсіндіруі және қалпына келтіру бойынша жұмыстарды қалпына келтірудің және жүргізудің ағымдағы нормалары мен әдістеріне сәйкес техникалық-экономикалық негіздемемен және инженерлік зерттеулермен нығайтылған өзге де операциялық қызметтің байланысты бағдарламасын түсіндіруі негізінде айқындалады.

Зиянды жою бойынша шығындарды бағалау табиғатты қорғау талаптары мен заңнаманы түсіндірудегі ықтимал өзгерістерге ұшырайды.

Тау-кен активтерін және қалдықтарды орналастыру полигондарын жою жөніндегі міндеттемелер олардың пайда болу ықтималдығы жоғары және олардың сомаларын негізделген бағалау мүмкіндігі болған кезде танылады.

Тау-кен активтерін жою және жерді қалпына келтіру бойынша міндеттемеге қордың баланстық құны, сондай-ақ қалдықтарды орналастыру полигондарын жою жөніндегі міндеттемеге қордың баланстық құны 17-ескертпеде ашылды.

Объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі қор. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі (бұдан әрі – «Кодекс») оларды пайдалану тоқтатылғаннан кейін қоршаған ортаға теріс әсер ететін өндірістік объектілерді пайдалану салдарын жоюды талап етеді.

Объектілерді пайдалану салдарын жою тиісті активтердің сипатына және қоршаған ортаға ықтимал әсерге байланысты болады.

Компания міндеттемені бағалау кезінде айтарлықтай шешім қабылдады. Кодекстегі кез келген болашақ өзгерістер, оны түсіндіру және қолдану тәжерибесі Компания жасаған пайымдаулар мен бағалауларға әсер етуі мүмкін, сондықтан объектілерді пайдалану салдарын жою бойынша тиісті міндеттемелерді қайта қарауға әкелуі мүмкін. Мұндай бағалауды жүргізудегі маңызды пайымдаулар инфляция мен дисконттау мөлшерлемелерін және дисконттау кезеңін бағалауды қамтиды.

Дисконттау мерзімін айқындау кезінде басшылық нысандарды пайдалану салдарын жою жөніндегі іс-шаралар 2059 жылы күтілетін кен орындары толық игерілгеннен кейін жүргізілетін болады деген пайымдауды қолданды. Бағалауда пайдаланылған негізгі жорамалдар 17-ескертпеде келтірілген.

Компания жүргізген қолданыстағы заңнаманы талдау негізінде басшылық негізгі құралдардың жекелеген объектілерін 2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерден алып тастау керек деген қорытындыға келді, өйткені:

- мұндай активтер қоршаған ортаға айтарлықтай теріс әсер етпейді;
- осы объектілердегі өндірістік процестер қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін бөлшектеу және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді талап ететін салдарға әкеп соқпайды;
- технологиялық машиналар мен жабдықтар сияқты жекелеген объектілер бойынша оларды шығарудан жою құнын өтеу және/немесе қайта бейіндеу мүмкіндігі бар, нәтижесінде қоршаған ортаға теріс әсер айтарлықтай төмендейді және оларды бөлшектеу қажеттілігі туындамайды.

Берілген қарыздардың құнсыздануы. Күтілетін несиелік шығындарды бағалау дефолт ықтималдығын, қарыздар бойынша болашақ ақша ағындарының жиналуы мен күтілетін қалпына келтіру мерзімдерін қоса алғанда, елеулі жол берулерді қолдануды талап етеді. Мұндай жол берулердегі өзгерістер өтелетін құнға немесе осындай активтер бойынша қорларға әсер етуі мүмкін. Басшылық болжамдарды үнемі қарап отырады. Берілген қарыздар бойынша күтілетін несиелік шығындар салыстырмалы рейтингі бар компаниялардың несиелік тәуекелінің негізінде есептелді. Басшылықтың бұл шешімі ERG Тобы қызметінің үздіксіздігін бағалауға негізделген.

3 Маңызды бухгалтерлік бағалау және есеп саясатын қолданудағы кәсіби пікірлер (жалғасы)

Қаржылық кепілдіктердің құнын бағалау. Компания қаржылық кепілдіктердің әділ құнын айқындау үшін несиелік своптар әдісін қолданады. Қаржылық кепілдік міндеттемесінің әділ құны қарыздың кепілдік берілген сомасын, пайыздық мөлшерлемені және тәуекел көрсеткіштерін ескере отырып есептеледі. Компания басқа кепілгерлермен толық ортақ жауапкершілікте болатын несиелік шарттар үшін нарықтық комиссия ұқсас несиелік рейтингі бар компаниялардың несиелік-дефолттық своптарды ескере отырып айқындалады және кепілгерлер арасында бөлінеді. Бұл Компанияның берілген кепілдіктермен байланысты несиелік тәуекелге ұшырауына

басшылықтың ең жақсы бағасын білдіреді. Басшылық компанияның кепілдендірілген міндеттемелерін өтеуге мәжбүр болуы екіталай деп санайды. Басшылықтың бұл шешімі ERG Тобы қызметінің үздіксіздігін бағалауға негізделген. Кепілдіктердің құны тең кепілгерлер арасында тең кепілгер компаниялардың таза активтерінің әділ құны негізінде бөлінеді.

Активтердің құнсыздануы. Компания «Қаңары кені» АҚ-мен қатар «Темір дивизионы» ақшалай қаражатты туындататын бірлікке (бұдан әрі – АҚТБ) кіреді. АҚТБ негізгі қызмет түрлері темір кенін өндіру және өңдеу, флюстенген темір кені шекемтастарын, темір кені концентратын, тауарлық доломит пен қиыршықтасты өндіру болып табылады. Әрбір есептік кезеңнің соңында ықтимал құнсыздану белгілерін анықтау үшін АҚТБ-ға бағалау жүргізіледі. Ішкі және сыртқы факторларды талдау негізінде басшылық есепті кезеңнің соңында АҚТБ құнсыздануы белгісінің бар екенін – дайын өнімді өткізудің болжамды көлемінің төмендеуін анықтады. Өткізілген құнсыздану тестінің нәтижелері бойынша Компания негізгі құралдардың құнсыздануынан болатын шығынды 28 958 226 мың теңге мөлшерінде таныды, өйткені активтердің/АҚТБ өтелетін құны олардың баланстық құнынан асып түсті (2024 жыл: 50 525 557 мың теңге).

Шығып қалу шығындары шегерілгендегі әділ құнды бағалау кезіндегі негізгі болжамдар (иерархияның 3-деңгейі):

- болжамды кезең: 10 жыл;
- өнімге арналған бағалар басшылықтың ішкі болжамдарына, сондай-ақ осы салалық нарық үшін тәуелсіз сараптамалық агенттіктердің болжамдарына негізделген;
- ұзақ мерзімді шығындар болашақтағы инфляция деңгейіне және қолданылуына қарай негізгі кіріс шығындарының күтілетін өзгерістеріне түзетілген ағымдағы операциялық қызмет көрсеткіштеріне сәйкес белгіленді;
- сыртқы болжамдарға сәйкес Қазақстанның ұзақ мерзімді инфляция деңгейі жылдық 5% және АҚШ ұзақ мерзімді инфляция деңгейі жылдық 2% мөлшерінде;
- салық салудан кейінгі дисконттау мөлшерлемесі жылдық 14% құрайды және капитал құнын анықтау моделі негізінде есептелді.

Басқа айнымалылар өзгеріссіз қалған жағдайда, болжамды сату көлемінің 1% артуы (немесе төмендеуі) өтелетін құнның тиісінше шамамен 22 752 404 (немесе 22 752 404) мың теңгеге артуына (немесе төмендеуіне) әкеледі. Компания сондай-ақ активтердің жекелеген құнсыздануын таныды (12-ескертпе).

Салық заңнамасы және трансферттік баға белгілеу жөніндегі заңнама. Қазақстандық салық заңнамасы мен трансферттік баға белгілеу жөніндегі заңнама түрлі түсіндірулерге ұшыраған.

4 Байланысты тараптармен есеп айырысу және операциялар

Бас компания: Ақпарат 1-ескертпеде көрсетілген.

Жалпы бақылаудағы компаниялар: ERG бақылауындағы компаниялар.

Б класты менеджерлердің бақылауындағы компаниялар: Б класты менеджерлер және олардың бақылауындағы барлық компаниялар ERG-дің жай акцияларын Б класты менеджерлердің тікелей иелігінен алу нәтижесінде компанияның байланысты тараптары болып табылады. Б кластының менеджерлері ERG Менеджерлер кеңесінің мүшелері болып табылады.

Мемлекеттік кәсіпорындар: Қазақстан Республикасы және онымен байланысты заңды тұлғалар. Қазақстан Республикасы ERG-ге айтарлықтай ықпал ету негізінде Компанияның байланысты тарапы болып табылады.

Негізгі басшылық: өкілеттігі бар және компанияның операцияларын тікелей немесе жанама түрде жоспарлауға, үйлестіруге және бақылауға жауапты тұлғалар.

Төменде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар берілген:

<i>Мың қазақстандық теңгеде</i>	Жалпы бақылаудағы компания лар	Еншілес кәсіпорындар	Б класты менеджерлердің бақылауындағы компаниялар	Мемлекеттік кәсіпорындар	Негізгі басшылық
Активтер					
Сауда және өзге де дебиторлық берешек*	29,481,560	6,438,954	127,331	15,929,833	-
Өділ құны бойынша инвестициялар	21,061,593	-	-	-	-
Бастапқы құны бойынша инвестициялар	-	108,252,834	-	-	-
Берілген ұзақ мерзімді қарыздар	23,994,473	-	-	160,117	-
Берілген қысқа мерзімді қарыздар	-	-	5,365,444	-	-
Ақша қаражаттары және ақша баламалары	-	-	295,014	-	-
Басқа айналымдағы активтер	-	-	4,977,326	-	-
Міндеттемелер					
Сауда және өзге де несиелік берешек	41,133,439	67,132,692	562,537	2,254,727	72,258
Жалдау бойынша міндеттемелер	-	531,600	-	308,004	-
Алынған ұзақ мерзімді қарыздар	109,641,045	-	-	14,079,964	-
Алынған қысқа мерзімді қарыздар	25,780,637	-	-	-	-

* Компаниялар бойынша жалпы бақылаудағы сауда және өзге де дебиторлық берешектің құнсыздануынан болған шығындарға арналған бағалау резерві 981,392 мың теңгені құрайды.

Төменде 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар берілген:

<i>Мың қазақстандық теңгеде</i>	Жалпы бақылаудағы компания- лар	Еншілес кәсіпорындар	Б класты менеджер- лердің бақылауын- дағы компаниялар	Мемлекеттік кәсіпорындар	Негізгі басшылық
Активтер					
Сауда және өзге де дебиторлық берешек*	29,055,272	5,330,730	109,826	3,048,054	-
Өділ құны бойынша инвестициялар	24,038,326	-	-	-	-
Бастапқы құны бойынша инвестициялар	-	108,524,834	-	-	-
Берілген ұзақ мерзімді қарыздар	12,143,867	-	-	137,178	-
Берілген қысқа мерзімді қарыздар	-	-	12,177,398	-	-
Ақша қаражаттары және ақша баламалары	-	-	75,453	-	-
Басқа айналымдағы активтер	-	-	5,137,525	-	-
Міндеттемелер					
Сауда және өзге де несиелік берешек	23,336,261	58,259,292	220,355	2,355,161	61,248
Жалдау бойынша міндеттемелер	-	969,959	-	325,552	-
Алынған ұзақ мерзімді қарыздар	83,597,896	-	-	19,500,405	-
Алынған қысқа мерзімді қарыздар	31,333,214	-	-	-	-

* Компаниялар бойынша жалпы бақылаудағы сауда және өзге де дебиторлық берешектің құнсыздануынан болған шығындарға арналған бағалау резерві 583,167 мың теңгені құрайды.

4 Байланысты тараптармен есеп айырысу және операциялар (жалғасы)

Төменде 2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары келтірілген:

Мың қазақстандық теңгеде	Жалпы бақылаудағы компания лар	Еншілес кәсіпорындар	Б класты менеджер- лердің бақыла- ындағы компаниялар	Мемлекеттік кәсіпорындар	Негізгі басшылық
Түсім	175,250,429	8,858,695	-	7,234,384	-
Өткізудің өзіндік құны	(61,750,543)	(143,991,924)	(6,120,138)	(22,345,290)	-
Іске асыру бойынша шығындар	(9,292,550)	-	(3,174)	(31,265)	-
Жалпы және әкімшілік шығындар *	(8,778,978)	(308,334)	(228,969)	1,068,887	(790,133)
Басқа операциялық кірістер	6,777,921	148,376	1,469,642	453,959	-
Басқа операциялық шығындар	(4,040,969)	(831,261)	(1,219,904)	(1,696,489)	-
Қаржылық кірістер	12,028,941	10,070,892	3,539,207	3,688,935	-
Қаржылық шығындар**	(22,912,484)	(111,484)	(2,583,991)	(4,126,990)	-

* Жалпы және әкімшілік шығыстар құрамында 346,381 мың теңге сомасына жалпы бақылаумен компаниядан түскен Сауда дебиторлық берешегі бойынша бағалау резервін құруға арналған шығыстар көрсетілген.

** Қаржы шығыстарының құрамында 380,707 мың теңге сомасына компаниялар/бас компанияның жалпы бақылауымен берілген заемдар бойынша шығындарға қалпына келтірілген резерв көрсетілген.

Негізгі басшылық бойынша жалпы және әкімшілік шығыстар жалақы мен қысқа мерзімді сыйақыларды білдіреді.

Төменде 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығындардың баптары келтірілген:

Мың қазақстандық теңгеде	Жалпы бақылаудағы компания лар	Еншілес кәсіпорындар	Б класты менеджер- лердің бақыла- ындағы компаниялар	Мемлекеттік кәсіпорындар	Негізгі басшылық
Түсім	157,271,445	8,854,101	-	5,396,875	-
Өткізудің өзіндік құны	(52,785,834)	(132,739,974)	(6,787,888)	(22,012,426)	-
Іске асыру бойынша шығындар	(7,730,613)	-	(1,776)	(28,917)	-
Жалпы және әкімшілік шығындар*	(10,526,009)	(290,984)	(223,676)	(921,142)	(761,409)
Қаржылық кірістер	12,489,236	-	4,161,198	1,698,550	-
Қаржылық шығындар**	(19,785,015)	(199,155)	(1,733,030)	(5,689,923)	-
Басқа операциялық кірістер	8,702,156	255,616	312	48,669	-
Басқа операциялық шығындар	(3,744,896)	(446,396)	(517,858)	(25,229)	-

* Жалпы және әкімшілік шығыстардың құрамында 255,589 мың теңге сомасына жалпы бақылаумен компаниядан Сауда дебиторлық берешегі бойынша бағалау резервін құруға арналған шығыстар көрсетілген.

** Қаржылық шығыстардың құрамында 216,450 мың теңге сомасына жалпы бақылаумен компаниялар/ бас компания бойынша берілген заемдар бойынша шығындарға бағалау резерві көрсетілген.

Жалпы бақылаудағы компаниялар. 2025 және 2024 жылдар аралығында Компания негізінен темір кені өнімдерін, материалдар мен жинақтаушыларды сатты, тау-кен жұмыстары, жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету қызметтерін ұсынды және айналым капиталын толықтыру мақсатында қаржы алды. Темір кені өнімдерінің бағасы әлемдік нарықтардың бағасына байланысты. Өзіндікқұны негізінен шикізат, материалдар мен электр энергиясын сатып алу болып табылады. Қаржылық кірістер мен шығындар негізінен берілген қарыздарды бастапқы тану бойынша кірістермен, бағамдық айырмашылықтармен және алынған қарыздар бойынша дисконттың амортизациясымен, пайыздық шығындармен ұсынылады. Жалпы және әкімшілік шығындар негізінен басқару қызметтері, демеушілік көмек және кәсіби қызметтер үшін қаламақы шығындарынан тұрады.

Б класты менеджерлердің бақылауындағы компаниялар. Б класты менеджерлердің бақылауындағы компаниялармен есеп айырысулар мен операциялар, негізінен, Б класты менеджерлердің бақылауымен банк арқылы жүзеге асырылатын қазынашылық операциялар және сақтандыру, сондай-ақ лизингке жабдықтарды сатып алу жөніндегі қызметтер болып табылады.

4 Байланысты тараптармен есеп айырысу және операциялар (жалғасы)

Мемлекеттік кәсіпорындар. Компания мемлекеттік кәсіпорындармен тауарлар мен қызметтерді сатып алуды және сатуды жүзеге асырады. Мұндай мәмілелер, әдетте, нарықтық шарттарда немесе нарықтың барлық қатысушылары үшін белгіленген тарифтер негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасымен жасалатын операциялар Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын салық операцияларын да қамтиды. Компания табиғи газды жеткізу және тасымалдау қызметтерін, теміржол қызметтерін, электр энергиясын тасымалдау қызметтерін сатып алды және демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету шығындарын төледі.

5 Ақша қаражаты және оның баламалары (балансты ашып жазу 010-жол)

<i>Мың қазақстандық теңгеде</i>	2025 ж.	2024 ж.
Қысқа мерзімді депозиттер	5,351,409	10,935,809
Банктегі және кассадағы ақша қаражаты	18,494	1,244,707
Жиыны ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	5,369,903	12,180,516

6 Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері (балансты ашып жазу 011-жол)

2025 жылғы ақпанда Компания жалпы бақылаудағы компаниялармен 400,000 мың АҚШ доллары (200,988,000 мың теңге) сомасына жаңа синдикатталған несие желісін ашу туралы шартқа қол қойды. Шарттың қолданылу мерзімі-2029 жылға дейін. АҚШ долларымен және еуромен жасалған шарттар бойынша сыйақы мөлшерлемелері нарықтық мөлшерлемелер болып табылады. Жоғарыда аталған шарт шеңберінде Компания 2025 жылы компаниялардың атына жалпы бақылауымен 30,234 мың АҚШ доллары (15,813,323 мың теңге) мөлшерінде қарыз берді.

7 Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек (балансты ашып жазу 016-жол және жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек (балансты ашып жазу 017-жол) және Ұзақ мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек (балансты ашып жазу 117-жол)

<i>Мың қазақстандық теңгеде</i>	Жол коды	2025 ж.	2024 ж.
Сауда дебиторлық берешегі	016	100,077,105	74,826,274
Жалдау бойынша дебиторлық берешек	017	10,884,165	7,698,640
Ұзақ мерзімді сауда-саттық дебиторлық берешек	117	5,164,254	260
Басқа	016	7,737,912	1,760,078
Минус: залалға арналған бағалау қорлары	016, 017	(2,068,547)	(2,437,813)
Сауда және басқа да дебиторлық берешектің жиыны және жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек		121,794,889	81,847,439

7 Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек (балансты ашып жазу 016-жол) және жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек (балансты ашып жазу 017-жол) және Ұзақ мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек (балансты ашып жазу 117-жол) (жалғасы)

Сауда және өзге дебиторлық берешек бойынша залалға арналған бағалау қорлары:

<i>Мың қазақстандық теңгеде</i>	31 желтоқсан 2025 ж.			31 желтоқсан 2024 ж.		
	Жалпы баланстық құны	Күтілетін несиелік залал	Баланстық құны	Жалпы баланстық құны	Күтілетін несиелік залал	Баланстық құны
Резервтер матрицасына сәйкес дебиторлық берешек Ағымдағы	720,579	(78,294)	642,285	895,807	(139,692)	756,115
3 айдан кем мерзімі өткен	101,466	(11,022)	90,444	1,307,348	(217,973)	1,089,375
3 айдан 6 айға дейін мерзімі өткен	316,049	(45,723)	270,326	542,649	(120,634)	422,015
6 айдан 12 айға дейін мерзімі өткен	137,181	(39,906)	97,275	689,942	(224,333)	465,609
12 айдан астам мерзімі өткен	105,435	(84,348)	21,087	1,322,713	(1,058,170)	264,543
Барлығы мерзімі өткен	660,131	(180,999)	479,132	3,862,652	(1,621,110)	2,241,542
Барлығы ағымдағы және мерзімі өткен	1,380,710	(259,293)	1,121,417	4,758,459	(1,760,802)	2,997,657
Күтілетін несиелік шығындарды жеке бағалаумен дебиторлық берешек	122,482,726	(1,809,254)	120,673,472	79,526,793	(677,011)	78,849,782
Барлық сауда және өзге дебиторлық берешек (қаржылық активтер)	123,863,436	(2,068,547)	121,794,889	84,285,252	(2,437,813)	81,847,439

Төменде сауда және басқа дебиторлық берешек құрамындағы қаржы активтері бойынша шығындарға арналған бағалау резервіндегі өзгерістер келтірілген:

<i>Мың қазақстандық теңгеде</i>	2025 ж.	2024 ж.
1 қаңтарға залалға арналған бағалау қоры	2,437,813	1,908,915
Қалпына келтіру	(369,265)	-
Есептеу	-	647,186
Есептен шығару	(1)	(118,288)
31 желтоқсанға залалға арналған бағалау қоры	2,068,547	2,437,813

8 Қорлар (балансты ашып жазу 020-жол)

<i>Мың қазақстандық теңгеде</i>	2025 ж.	2024 ж.
Дайын өнім	45,607,248	15,701,648
Шикізат пен материалдар	38,803,952	37,687,073
Аяқталмаған өндіріс	18,697,763	26,988,323
Басқа	-	45,265
Минус: ескірген және өтімсіз тауар-материалдық қорлар бойынша қорлар	(7,262,321)	(5,410,841)
Қорлардың жиыны	95,846,642	75,011,468

9 Басқа да қысқа мерзімді активтер (балансты ашып жазу 022-жол) және басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері (балансты ашып жазу 015-жол)

Мың қазақстандық теңгеде	Жол коды	2025 ж.	2024 ж.
Өтеуге ҚҚС	022	26,544,513	18,227,109
Алдын ала төлем	022	1,570,389	2,041,279
Басқа да активтер	022	1,004,871	773,109
Мерзімді депозиттер	015	295,014	75,453
Минус: залалдарға арналған бағалау резервтері	022	(92,803)	(98,078)
Басқа да қысқа мерзімді активтер және басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері жиыны		29,321,984	21,018,872

10 Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша ескерілетін ұзақ мерзімді қаржы активтері (балансты ашып жазу 112-жол)

Компания атауы	Тіркелген елі	Қызметі	2025 ж.	Иелену үлесі, %	2024 ж.	Иелену үлесі, %
			Мың теңге		Мың теңге	
«ENRC Credit несие серіктестігі» ЖШС	Қазақстан	Несиелеу	14,752,692	7.57	17,729,425	7.57
«Business and Technology Services» ЖШС	Қазақстан	ERP-жүйелерді енгізу және қолдау	6,308,901	44.67	6,308,901	44.67
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша ескерілетін ұзақ мерзімді қаржы активтерінің жиыны			21,061,593		24,038,326	

11 Бастапқы құны бойынша ескерілетін инвестициялар (балансты ашып жазу 114-жол)

Компания атауы	Тіркелген елі	Қызметі	2025 ж.	Иелену үлесі, %	2024 ж.	Иелену үлесі, %
			Мың теңге		Мың теңге	
«Качары кені» АҚ	Қазақстан	Қатты пайдалы қазбаларды өндіру	102,434,776	100	102,434,776	100
«ERG Research and Development» ЖШС	Қазақстан	Ғылыми-зерттеу жұмыстары	2,848,561	100	2,848,561	100
